

Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатын құрау мен пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 21 тамыз N 933. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.27. N 586 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.27. N 586 (колданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатын құрау мен пайдалану тәртібі жөніндегі ереже б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 1 т а м ы з д а ғ ы

N 9 3 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатын құрау мен пайдалану тәртібі туралы ереже

1. Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатын құрау мен пайдалану тәртібі туралы ереже "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі - ерекше қорғалатын табиғи аумақ) қаражатын құрау мен пайдаланудың тәртібін белгілейді.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражаты:

ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғаларға ақылы қызметтер көрсету; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар рәміздерін пайдалануға рұқсаттар беру; шектеулі шаруашылық қызметтен алынатын қаражат;

заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтары; заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден алынған қаражат есебінен құралады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қаражаты ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғаудың түрі мен құқықтық режиміне және шаруашылық қызметтің реттелетін режиміне байланысты мынадай ақылы қызметтерді көрсету е с е б і н е н қ ұ р а л а д ы :

1) ғылыми және оқу қызметін жүзеге асыру кезінде: оқу экскурсиялары мен сабақтарды, оқушылар мен студенттердің өндірістік практикаларын ұйымдастыру және өткізу, ғылыми кадрларды даярлау, қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде қызметтер көрсету;

2) мәдени-ағарту, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру кезінде м ы н а л а р д ы ұ с ы н у б о й ы н ш а :

туристік сүрлеулерді, көру-қарау алаңдарын, дамылдау алаңқайларын, көлікке арналған тұрақтарды, кемпингтерді, палаткалы лагерлерді, қонақ үйлерді, мотельдерді, туристік базаларды, қоғамдық тамақтандыру, сауда және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы басқа да объектілерді;

жолсерік, экскурсовод, гид және аудармашы қызметтерін көрсету, табиғи қорық қоры, табиғи және мәдени мұра объектілеріне, табиғат мұражайлары мен табиғат мүйістеріне барған және оларды зерделеген кезде кино-бейне және ф о т о ғ а т ү с і р у д і жү р г і з у ;

қоғамдық тамақтандыру объектілері үшін өнімдер шығару жөнінде қызметтер к ө р с е т у ;

тұрақты демалыс орындарына іргелес рекреациялық аймақтарды санитариялық тазарту мен абаттандыру жөнінде қызметтер көрсету;

3) ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттар үшін көліктік қызметтер көрсетуді ұсыну.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жеке және заңды тұлғаларға көрсететін қызметтер үшін төлем қарауында осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар атқарушы органдар белгілеген тарифке сәйкес, заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258 қаулысымен.

5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рәміздерін (жалауларын, эмблемаларын, вымпелдерін және басқаларын) пайдаланғаны үшін төлем осы рәміздерді пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардан алынады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рәміздерін пайдаланғаны үшін төлем

мөлшері заңнамада белгіленген тәртіппен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы шарт негізінде белгіленеді. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258 қаулысымен.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қаражаты шектеулі шаруашылық қызметтің мына түрлерінен құралады:

1) шаруашылық қызметтің тапсырысты режимі мен реттелетін режимі бар арнайы бөлінген учаскелерде ғана ерекше жүзеге асырылатын:

қолөнер және халық кәсіпшілігі;
кәдесыйлар мен жарнамалық өнімдер өндірісі;
спорттық, әуесқойлық аң аулау мен балық аулауды жүргізу;

2) тапсырысты режим аймақтарында жүзеге асырылатын: орманды күтіп-баптау мақсатындағы кесуді және санитарлық кесуді жүргізу;

отырғызу материалдарын өсіріп шығару және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс қорғаныш және көгалдандыру екпелерін құру;

балық өсіру материалдарын өсіріп шығару;
биотехникалық іс-шараларды өткізу үшін өнімдер өндіру.

7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шектеулі шаруашылық қызметі нәтижесінде өндірілген өнім нарықтық баға бойынша сатылады.

8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қаражаты мынадай мақсаттарда осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мұқтажына пайдаланылады:

1) табиғат кешендерін сақтау және дамыту;

2) жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау;

3) санитарлық кесу мен күтіп-баптау мақсатындағы кесуді қоса алғанда, ормандарда қалпына келтіру және қорғаныш іс-шараларын жүргізу;

4) аумақтарды тазарту мен абаттандыру;

5) табиғи-қорық қоры объектілерін қорғаумен, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызметпен байланысты инфрақұрылымды дамыту;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғат қорғау қызметін қамтамасыз ету үшін штаттан тыс маусымдық қызметкерлердің, соның ішінде өрттен қарауылдаушылардың, күтіп-баптау мақсатындағы кесу мен санитарлық кесуді, орман дақылдары жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметкерлердің, сондай-ақ шектеулі шаруашылық қызметті жүзеге асыратын қызметкерлердің қызметтер көрсетуіне ақы төлеу;

7) байланыс құралдарын, көлік және жабдықтар, өртке қарсы күрес, орман қорғау және орман дақылдары мақсатындағы тетіктер мен материалдар, тұқым және қалпына келтіру жұмыстары үшін отырғызу материалдарын, жанар-жағар май материалдарын, байланыс құралдарын, киім-кешек, қару-жарақ және арнаулы қорғаныс құралдарын сатып алу;

8) табиғат қорғау қызметімен байланысты ғимараттар, құрылыстар және өзге

- де объектілер құрылысын салу, қайта жаңарту және жөндеу;
- 9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ғылыми зерттеулер жүргізу ;
 - 10) табиғат мұражайлары мен көрмелер ұйымдастыру және оларды ұстау;
 - 11) рекреациялық аймақтарды дамыту және абаттандыру;
 - 12) жарнамалық қызметті жетілдіру;
 - 13) экологиялық насихат;
 - 14) теріс экологиялық салдардың алдын алу мен оны жою.

9. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатын алу мен пайдалану жөніндегі есептілікті жүргізу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады .

10. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатының құралуы мен пайдаланылуын, алынатын кірістерді есептеудің толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ олардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қарауында осы аумақтар бар атқарушы органдармен бірлесіп белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.